

S.K.Abil'dina, K.A.Aiydarbekova, Z.B.Asetova

Pedagogical aspects of family education

The article reveals peculiarities of family education, it provides characteristic of family relationships as a factor in the children's socialization, shows styles of family education and pedagogical bases of family education. The family is considered as the first institute of education, which forms in a child the opinions about the world, gives him first life lessons and with which a person feels a connection throughout the life. The problems of the relationships between parents and children, parental authority, relation of parents and school in educating the children are described.

References

- 1 *The message of the president of the Republic of Kazakhstan N.A.Nazarbayev's — «Kazakhstan-2050» Strategy: of new direction of formed republic» named the Message to the nation of Kazakhstan*, <http://www.inform.kz/kaz/article/2518877>
- 2 *Great Encyclopedic Dictionary* / Ed. A.M.Prokhorov, Moscow: Prosveshcheniye, 1997, 1082 p.
- 3 Ozhegov S.I. *Dictionary of Russian language*, Moscow: Publishing «Az», 1992.
- 4 *Thoughts and sayings of famous people about family and marriage, mothers and motherhood, fathers and fatherhood, family education*, <http://vscolu.ru/articles/vyskazyvaniya-znamenitx-lyudej-o-seme.html>
- 5 Baiymukanova M.T. *Socio-pedagogical work with the family*: Tutorial, Karaganda: Publishing KSU, 2004, 115 p.
- 6 *Constitution of the Republic of Kazakhstan*, Almaty: Zheti zhargy, 1999, 96 p.
- 7 Sukhomlinski V.A. *Parent pedagogy*, Novosibirsk: West Siberian Publ. House, 1985, p. 224.
- 8 Lesgapht P.F. *Family education of the child and its significance*: Tutorial, Moscow: Prosveshcheniye, 1992, 200 p.
- 9 Sysenko V.A. *Marital conflicts*, Moscow: Mysl, 1989, 173 p.
- 10 *From me to we: The ABCs of family life* / Composer S.V.Kovalev, Moscow: Pedagogics, 1989, 336 p.

ӘОЖ 37.018.1: 37.013

Р.М.Айтжанова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: rozaaitzhanova@mail.ru)

VIII–XVIII ғасырлардағы отбасы тәрбиесіне қатысты тағылымдық мұралардың студенттерді отбасылық өмірге дайындаудағы ролі

Мақалада тарихта аты қалған Білге, Күлтегін, Тоныкөк сықылды батырлар мен IX ғасырдағы түркі халқының ұлы ойшылдарының еңбектеріндегі отбасы педагогикасының ғұмырлық маңызы, отбасындағы қыз бала мен ер бала тәрбиесіне жауапты ата-ананың ролі, қазаққа мұра болып қалыптасқан діл, тектілік, ұлттық рух, дін, ұлттық мінез-құлық, балаға өмір бойы азық болатын тәрбиенің қайнар көзі отбасындағы тәрбие, отбасы өмірінің материалдық және рухани құндылықтары туралы білім беру мәселелері жан-жақты қарастырылған.

Кілт сөздер: өсиет, тектілік, тағылымдық халық мұрасы, жұбайлық өмірге даярлау, отбасы тәрбиесі, ер бала тәрбиесі, қыз бала тәрбиесі, ар-намыс, тарихи мұра, лауазымды атаулар, мұсылмандық талап.

Әр заманның өзіне тән әлеуметтік-педагогикалық ұрпақ тәрбиелеу мүмкіндігі болды. Оны ешкім жоққа шығармақ емес. Әркім өз баласына жеке тәрбие беруі отбасында орын алғанымен, халық болып қалыптасқан ділінде ұрпақ қамын көп болып ойлау және соған әрекет ету болды. «Қызға қырық үйден тыю, ұлға отыз үйден тыю» қағидасы тегіннен тегін шықпағаны белгілі. Аузы дуалы абыз, сөзі өтімді шешен, данышпан-даналардың өзі әрқайсысы бір мектеп ролін атқарды. Тындаған жан сөзін өміріне, тәрбиеге үлгі етті. Сол сияқты заманында тағылымды ойымен артына із қалдырған тарихта өткен «дала педагогтарының» мұраларына ғылыми шолу жасағанды жөн көрдік.

Орта ғасырда қазақ жерінде тайпалық, рулық дәуір болды. Ежелгі түркі жазба ескерткіштері — қазақ тарихына да ортақ түркі қағанаты билік құрған дәуірінен қалған тағылымды, тарихи мұра. Шамамен VIII ғасырдың орта шенінде өмір сүрген Йоллығ тегін — тас жазбалардың авторы (бір зерттеулерде Білге қағанның ұлы, екінші бір зерттеулерде туысқаны делінген). Күллі түркі елінің бас қағаны болып тарихта қалған Білге қағанның ықпалымен тасқа қашап жазылып, Күлтегіннің құрметіне қойылған ескерткіш. Йоллығ тегін түркілер тарихын олардың саяси майданға шыққан кезі — VI ғасыр ортасынан бастайды, яғни Түркі қағанатын құрған заманнан бергі 200 жылдық тарихты ескерткішке сыйдырады. Орхон-Енисей жазбалары — «Күлтегін» ескерткіші мазмұны жағынан екі бөлімге саяды. Бірінші бөлімі: түркі халқының тарихы жайында болса, екінші бөлім: мемлекет тарихының негізгі бөлімі — халыққа бағышталған өсиет іспеттес. Тас жазулардағы халықты ел қорғау мен жер қорғауға, адами жақсы мінез-құлық, әрекеттерге баулу тарапынан айтылған сөздердің тағылымдық-танымдық, тәлім-тәрбиелік мәні зор.

Тастағы жазуларда тарихта аты қалған Білге, Күлтегін, Тоныкөк сықылды батырлардың ерлігі баяндалады. Осы батырлардың арқасында Түрік қағанаты халықтың отбасына бірігуіне мүмкіндік жасады, отбасылық қарым-қатынас реттелді, ел тұрмысы түзелді дегенді суреттейді:

Ол кезде құл — құлды болған еді, күң — күңді болған еді. Інісі ағасын білмес еді, ұлы әкесін білмес еді. Білге қаған өзі туралы баяндай келіп, әке-шешесі Елтеріс қаған пен Елбілге туралы *әкем қағанды, шешем қатынды* деп атайды. Бұл сол кездегі лауазымды атаулар. Қаған — хан ретіндегі ел басқарушы болса, әйел (хатұн) — қағанның әйелдеріне берілетін дәреже болса керек. Тағы бір ескерерлік жайт, отбасындағы әйелдердің өз атаулары, яғни өз рөлдері, болғандығын байқаймыз:

Шешем, (онан) соңғы аналар, жеңгелерім, келіндерім, ханымдар... [1]. Осы орайда қытай тарихында қазаққа қатысты деректерді көптеп келтіруге болатындығын білеміз. Әйелдер атауына қатысты мәліметтерді де көптеп кездестіреміз. *Қыз (ғиасы) — ханша дегеннің орнында қолданылатын сөз. Ежелден хан-ханша, тегін-тектілердің қыздары «қыз» деп аталып, қара халықтың қыздары «қырқын» делінген* [2]. Сондай-ақ, «ата-тек» ұғымы да сол кезде болғандығынан, *Адам баласы үстіне (билік жүргізу үшін) ата-тегім Бумын қаған, Істеми қаған отырған* деген жолдардан байқаймыз.

Ел тәуелсіздігі жолындағы күресте жеңіліс табуын отбасында әке мен ағаның берген тағылымын, ерлігін, өсиетін орындамағандықтан, көретіндігі жырда анық жазылған:

Соңындағы інісі ағасындай болмады. Ұлдары әкесіндей болмады деген жолдар бар. Отбасындағы қарым-қатынастың мемлекетке ықпалының тікелей екендігін ... *Інілі-ағалының дауласқандығынан, ... түркі халқы елдігін жойды, қағандығынан айырылды* — деп, күйзеле баяндайды. Қазақ үшін намысқа тиюдің үлкені — оң жақта әлпештеп отырған қызының жау қолында кетуі, өмірін жалғастыратын ұлдың жатқа құл ретінде бодан болуының отбасына үлкен қайғы әкелетіндігіне қиналғандығын жырда:

Тауғаш халқына бек ұлдары құл болды, Пәк қыздары күң болды, — деп қалдырған [3]. Демек, отбасында ардақтап, қыз баланы пәк күйінде сақтау, оның күндікке емес, еркін де бақытты өмірге лайықты екендігін айқын аңғартады. *Менің ағам мені адам етті...*, деп-ақ туысқандық сыйластық, қарым-қатынас, үлкенді тыңдаудың отбасында, әулетте қалыптасқанын, ағаның рөлінің жоғары екендігін байқатады.

Тәңірлік дінге иланушы халықтың атынан Білге қаған өз жұртына өсиет айтады:

Тағдырды тәңірі жасар, Адам баласы өлу үшін туады... Егер сен, түркі халқы, өз қағаныңнан, өз бектеріңнен, өз Отаныңнан жырақ кетпей, бірге жүрсең, сен өзің де бақытты өмір сүресің, өзіңнің отбасыңда еш нәрседен мұқтаждық көрмейсің... [4]. «Отан отбасынан басталады» деген бүгінгі қағидамызды тереңірек тамырлатып көрсетіп тұрғандай.

Отбасында мұқтаждық көрмеу, ұл-қызыңның жат қолында қор болмауы, ата-ана сыйлап, үлкеннен өнеге алып, өз халқыңмен бірге туған Отан аясында болу, бақытты ғұмыр кешу — қай заманда да адамзаттың басты арманы. Жырдан осындай гуманизмге өмірін арнаған батырлардың тарихи өсиетіне қанық боламыз. *Жұқаны бүктеу оңай, жіңішкені үзу оңай. Жұқа қалыңдаса, оны тек алып бүктейді. Жіңішке жуандаса, оны тек алып үзеді.* Қазақ үшін «тек», «тектілік» ұғымы отбасы тәрбиесінің негізгі өзегі болмақ. Бұл мысалдан соң, «тек» сөзі тамырының тереңде екендігін аңғарамыз.

«Орхон-Енисей ескерткіштері» — тағылымдық халық мұрасының бірегейі. Тарихта өткен бабалардың ұрпақ қамы үшін күресіп, келешегі үшін дұрыс өсиет айта алатындығына тәнті боласыз.

Адами асыл қасиеттерді дәріптейтін елдің ұрпағы болу — мақтаныш қана емес, ұлт тәрбиесінің қайнар көзі.

Қорқыт бабаның IX ғасырда өмір сүргені жөнінде тарихи деректер бар. Басты дерек бізге жеткен «Қорқыт ата кітабы» — қазақ халқының ғана емес, Орта Азия халықтарының да жазба ескерткіші һәм тәлімдік мәні жоғары ұстаздық ұлағаты. «Қорқыт — жыр мен күйдің атасы, ерте кезде оғыз, қыпшақ және қаңлы тайпаларын басқарған данышпан кісі бейнесінде VIII–IX ғасырларда-ақ аңыз кейіпкері болған жан», — дейді әдебиетші-ғалым Н.Келімбетов [1; 65].

Қазақ халқының бұрын тәңірлік діннің ықпалында болғанын осы Қорқыттың нақыл сөздерінен де кездестіреміз. Себебі көрнекті ойшыл сөздерінде «Алла» мен «тәңір» сөздері теңдей қолданылған.

Қорқыт бабаның нақылдарының ішінде жалпы адамзатты тәрбиелейтін ғәклиятты сөйлемдер көп-ақ. Біз отбасындағы бала тәрбиесі қатыстысын ғана алдық.

Адамның басты парызы — артына ұрпақ қалдыру. Үйленіп, отау құрғаннан кейінгі мәселе — өмірге бала әкеліп, бала тәрбиелеу. Өз қанынан жаратылмаған баланың тәрбиеге көндігуінің ойдағыдай болмайтындығы заңды. Ал, аталық текті жалғастыратын ұлдың болмауы — адамның аты өшкенмен бірдей. «Өзіңнен тумай ұл өгей: қаншама бағып, қаққанмен ол саған ұл болмайды. Ер жетіп, ат жалын тартып мінген соң өз жөніне кетеді, бәлкі, ол тәрбиелеген адамға көрдім-білдім деген сөзді де айтпас», — деп өмір шындығын айтады.

Отбасы педагогикасының ғұмырлық маңызын, қыз бала тәрбиесі мен ер бала тәрбиесіне жауапты ата-ананың рөлін, тәрбиенің ұрпақ сабақтастығындағы нәтижесін тұжырымды сөйлемдермен түйіндейді.

Анадан өнеге көрмеген қыз жаман, атадан тағылым алмаған ұл жаман. Ондай бала ел басын құррап, үйінен дәм беруге де жарамайды. Ананың көңілі балада болар. Жақсы ана үшін бала — екі көздің сыңары. Ұлың өсіп жетілсе, ол — отбасының мерейі, бас-көзі. Атадан қалған малы болмаса, баланың күні қараң. Ақылсыз балаға ата дәулетінен қайран жоқ...Атаның атын былғаған ақылсыз баланың әке омыртқасынан жаралып, ана құрсағында шырланып, тумағаны жақсы. Ата даңқын шығарып, өзінің тегін қуған балаға ешкім жетпейді.

Бұл жердегі «тегін қуу» дегенді атаның қанымен берілген генетикалық ерекшелікті жоғалтпай, жақсы қасиеттерін дамытып, жақсы істерімен көріну дегенге саяды.

Қорқыт заманынан қазаққа мұра болып қалыптасқан діл — кез келген отбасының қонақ күтуге дайын болуы. Арнайы болсын, кездейсоқ болсын қазақ *отбасылық несібемізде қонақтың бөлінбеген еншісі бар* деген түсінікпен жүреді. Осыны дәстүрлі ұстанған үйге қонақ үйір, дәстүр сақтамайтын үйге ешкім жоламайды. *Қонағы жоқ қараша үйден құлазыған тұз артық* — деуі, қалыптасқан талапты орындаған адамның адамдар арасында беделінің де жоқтығын, өзінің де жоқ есебінде екенін аңғартады.

Өз заманының ойшылы адамзаттық талап — мұсылмандық талап, ата-ана талабы — ұрпақ талабы екендігін және оны орындаған жандардың құрметке лайықты екендігін: *Тізелерін бүгін, намаз оқыған ерлі-зайыпты жұбайларға — құрмет! Талай жылды басынан кешіріп, шашы аппақ құдай болған қарт-қарияларға — құрмет! Кеудесіндегі ақ сүтін бөбегіне емізіп тойғызған асыл аналарға — құрмет! Солар үшін ақ отау тіккен аға-інілерге құрмет! Некелі сағатта куәлік еткендерге, жаңа туған ұлға — құрмет!* — деп білдіреді.

Ұлдың кімнен туғанын ана білер — деп табиғи шындықты айтушы абыз, әйелдер жайлы көбірек тоқталып айтқанда, ананың адамзат арасындағы орнын, отбасындағы мәйекті маңыздың әйел арқылы ұйитынын білгендіктен, *Әйел төрт түрлі болады: Оның бірі — ниеті құрыған әйел, екіншісі — ынсапсыз әйел, үшіншісі — үйдің құты болған әйел, төртіншісі — кесір әйел. Әйел біткеннің ең жаманы осы,* — депті Қорқыт [5].

«Қорқыт ата кітабында» сюжеті жағынан қазақ эпосымен үндес, сарындас болып келетін хикаялар көп кездеседі. Ана мен бала арасындағы махаббат, әйел-ананы зор құрмет тұту, бала тәрбиесіне мән беру, жұбайлық өмірдің салтына адалдық сияқты отбасы тәрбиесінің маңызды мәселелері оқиғаның негізгі өзегі болады. Қорқыт баба — өзін қоршаған орта-отбасылардың жанашыры һәм ұлағатты ақылшысы. Өз ғәклиятты хикаяларымен, нақыл сөздерімен, жырларымен отбасындағы жұбайлық өмірге бағыт береді, тәрбиелейді.

«Салар Қазанның үйін жау шапқаны жайындағы жырда» ар-намыс жолында жан пидә дегенді айтады. Әдебиетші-ғалым, профессор Н.Келімбетов жырдағы оғыз халқын: *Ең бастысы — ар-намысты тірі тұрғанда қолдан бермеуге жан салатынын аңғарамыз. Әсіресе ананың ар-намысына дақ түсіруден қатты қорқатын болған* [1; 71], — деп баға береді.

Сол сияқты «Дерсеханұлы Бұқаш туралы жыр», «Қам-Бураұлы Бамсы Бәйрек жөніндегі жырларында» да осы сықылды тағылымды ойлар жетерлік. «Қаңлы қожаұлы Қан-Тұралы жайындағы жырдың» негізгі тақырыбы — әке-шешенің мұрагер баласын үйлендіріп, оған жаңа отау тігуі деуге болады. Қалыңдық іздеудегі талабы оғыз еліне сай келмейді. Батырлығы, күш-қуаты еркектен кем түспейтін жар іздеу — көне заманғы матриархат үстемдік етіп тұрған кезден қалған элемент болса керек. Қыздың да өзін ұнатқан жігітін жан-жақты сынап көруі де соған саяды. Әйтпесе оғыз-қыпшақ елінің әйелді құрметтеу сипатынан шыққан өнеге әдеби туындыға арқау болуы мүмкін.

«Тоқа баласы ержүрек Домрул туралы жыры» қазақ жастарын жұбайлық өмірге даярлау оқулығына арналған дидактикалық материал іспеттес. IX ғасырда Қорқыт өмір сүрген кезеңдегі отбасыларға үлгі боларлық жұбайлар сүйіспеншілігі, қамқорлығы, бірі үшін екіншісінің жанын беруге даярлығы — бүгінгі күн жастарының махаббат тәрбиесіне өнегелік сипаты басым [5].

IX ғасырда Қорқыт бабамызбен қатар білім мен ғылым жолына өзіндік із салып шығыстың ұлы ойшылы атанған отырарлық Әбу Насыр әл-Фараби ойшыл дана бабамыз ғылымның сан саласына теориялық білімнің негізін қалады. Тәрбие мен білім, педагогика мен психология, сондай-ақ әдістеменің теориялық-тәжірибелік мәселелерін қарастыру әйгілі ғалымның ғылыми-философиясының құрамдас бөлігі болды. Фараби адамның өсіп-жетілуінде әдет пен дағдының маңыздылығын және оның тәрбиеші мен ұстаздың ұстанымы мен табандылығы арқылы жүзеге асатынын айтады. Дана ойшылдың тұжырымында ұстаз бен жұртқа танымал басшы бойында туа біткен он екі қасиеті бар, алты жүре бара қалыптасатын қасиеттерді меңгерген адам — нағыз тәрбиеші.

Отбасы тәрбиесіндегі әке-шешенің әрекеті ел басқарған басшының қызметіндей жауапты, ықпалды да нәтижелі болатындығын, «Мұның өзі отбасы басшыларының, балалар мен жасөспірімдер ұстаздарының арасында болып отыратын жағдай тәрізді. Отбасы басшысының отбасы мүшелерінің тәрбиешісі де, оқытушысы, балалар мен жас өрендер ұстазының оларға тәрбиешісі де оқытушысы болатыны сияқты әкім де халықтардың тәрбиешісі мен оқытушысы?» — деп салыстырмалы баға берген. Қала әкіміне қарата айтылғанмен, отбасында бала тәрбиелеуші ата-ананың педагогикалық рөлін көтеріп, оның жан-жақтылықты керек ететіндігіне баса маңыз береді.

Әл-Фараби адамзаттың басынан өтетін түрлі мінез кеселдері, шектен тыс құмарлық қуып, нәпсіге берілушіліктің (арақ, наша, темекі, құмар ойындарына әуестік, көзге шөп салушылық пен жезөкшелік т.б.) кесірінен отбасының шайқалуы немесе сезімнің жетіспеушілігінен адами мүмкіндіктердің тоқырауға ұшырауы, мысалы, жігіттердің сүрбойдақ боп үйленбей жүруі мен қыздардың тұрмыс құрмай отырып қалушылығы сезімнің дұрыс дамымауы немесе нәпсіге берілушіліктен екендігін, «Рақатты шамамен пайдалану, нәпсіге ұстамдылық жасау арқылы келеді: ішіп-жемге, әйел жынысына ұстамдылық. Осы рақатқа шектен тыс берілу тойымсыздыққа, комағайлыққа соқтырады, ал бұлардың жетімсіз болуы рақатшылық сезімінің жоқтығын көрсетеді, мұның өзі жазғыруға лайық қасиеттер. Адам басындағы осындай қасиеттерден тиісті әрекеттер туады», — деп көрсетеді. «Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері» трактатында: *...Үй белгілі бір бөлшектерден және бірлестіктерден құралады, солардың арқасында гүлденеді. Бұлар саны жағынан төртеу: ері мен әйелі; қожайыны мен қызметшісі; әке-шешесі мен баласы; мүлкі мен мүлік иесі. Кімде-кім бұл бөлшектер мен бірлестіктерді басқарса, кімде-кім оларды бір-бірімен біріктіріп, сөйтіп олар әр түрлі әрекетке қатысып, бір мақсатқа жету үшін, үйді әр түрлі игілікпен толтырса, кімді-кім бұл игілікті сақтау үшін, бір-біріне көмектесуі үшін олардың бәрінің арасында байланыс орнатса, ол адам үйдің билеушісі және әкімі болады. Оны «қожайын» деп атайды, қалада әкім қандай болса, ол үйде сондай болады — деп, «шағын мемлекеттің» иесі — «отағаның» отбасын басқарудағы рөлін анықтап берген [6].*

Қазіргі Жетісу өлкесіндегі Шу өзенінің жағасында, Шығыс Түркістан мен Орта Азияның талай жылдар төңірегін билеп тұрған Қарахан әулеттері мемлекетінің бір орталығы болып саналатын Баласағұн (Күз Орла) шаһарда өмір сүрген ойшыл, данышпан ақын, білікті қоғам қайраткері, XI ғасырдың өкілі (1015–1016 ж. туылған) Хас-Хаджиб атанған Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» еңбегі — дүние әдебиеттің алғашқысы ғана емес, моральдық кодекс іспеттес тағылымды мұра. Мағынасы «Құт әкелетін білім» деп аталатын тәлім-тәрбиелік ой-толғамдарға негізделген бұл шығармаға — отбасы тәрбиесіне арналған оқулық ретінде қарауға болады. Себебі бала мінез-құлқының үлгілі тәрбиеден туындайтыны, жақсы бала — жақсы тәрбиенің кепілі екендігі, өзін білімдар болып, балаңды да білім мен өмірлік әдет-дағдыларға бейімдеу қажеттігі және ол ата-ананың парызы екендігі тұжырымды айтылады. Қыз бала мен ер баланың тәрбиесінің ерекшелігі

және оларды болашақ жұбайлық өмірге даярлаудағы әке мен шешенің біліктілігі қандай болуы қажеттігін ата-анаға салмақ арта айтады.

Жүсіп Баласағұни шығармасы филологиялық қана емес, педагогикалық маңызының да жоғарылығымен талай педагогикалық ғылыми-зерттеулер мен ғылыми еңбектерде, оқулықтарда дидактикалық материал ретінде қарастырылып жүр. Әркім өз зерттеу нысанасы тұрғысынан қарастыруы заңды.

Хас хаджип өзінің оқулық іспеттес «Құт әкелетін білім» кітабында ер адамның әйелге деген көзқарасының дұрыс болуы, өмірлік серік — әйел таңдаудың маңыздылығына мән беріп, «Қандай әйел алуы керек екендігін айтады». Баласағұнидің «әйел таңдаудағы» әлеуметтік-педагогикалық көзқарастарын реттеп қарастырар болсақ, ер-азамат әйел таңдауды төмендегіше өлшеммен көрсетеді:

- тегінің таза болуы;
- қатарың болуы;
- әлеуметтік жағдайының өзіңнен төмен болуы;
- бұрын «есік көрмеген» болуы;
- бұрын еркекпен байланыста болмауы;
- жаман қылық, жат істен алыс;
- өзіңді сүйетін болуы;
- ұяты мол, инабатты болуы;
- ойы түзу, жүзі жарқын болуы;
- қылықты болуы;
- мінезді болуы;
- зерделі болуы;
- ардақты болуы.

Осылай айта келіп, жалпы «жар таңдаудағы» көпшілік пікірімен де санасады және оған да өз ойын ұсынады. Жұрт негізінен төрт түрлі: «бай қыз», «көрікті қыз», «текті қыз», «ақылды қыз» іздеуді басшылыққа алатынын айтады да оның да кереғар жақтарына ұрынып, опық жеп қалатындығы болатынын ескертеді:

- *Бай әйелді алған адам өмір бойы соған құл болып өтеді.*
- *Сұлу әйелді алған күйеуі өмір бойы қарауыл болып өтеді.*
- *Үстем сөйлер қолы ұзын тектілер, сен өзіңді құл етуді бек тілер.*
- *Ізде, досым, ақылды әйел — парасат, соны тапсаң — төрт құбылаң жарасад. Ақылды әйел көрікті де текті зой: «Әйел көркі — қылығында» депті зой!*

Жүсіп Баласағұни отбасы педагогикасына өз заманы талабының деңгейінен ұсыныс айтып, пікір қосады. Бір қарағанда, өркениет талабына қайшылықты болып көрінгенмен, оның да жауабын табуға болады. Отбасында ата мен анаға ер бала мен қыз баланың тәрбиесіндегі ерекшеліктерді ескере отырып, «Ұлдар мен қыздарды қалай тәрбиелеу керек екендігін айтады». Жалпы өзіңнен бала туылар болса:

- *өз балаңды өз қолыңда өсір;*
- *мейіріммен таза тәрбие бер;*
- *әдеп, білім, өнер үйрет.*

Ұлыңа:

- *бос жүрмесін ақыл бер;*
- *білім беріп, оқыт;*
- *өмірлік амал үйрет;*
- *қолына құс қондыр.*

Қызыңды:

- *қадір тұт, көңілін суытпа;*
- *үйде ұста;*
- *ерлерден бөлек ұста;*
- *қыз баланы күту керек;*
- *ерге бермей, үйде көп ұстама;*
- *тезірек ұзат.*

Сондай-ақ ақын қыз тәрбиесіне өте ықтиятты болуды қатаңырақ айтады. Отбасының абыройы қыз арқылы жиналып, қызы арқылы төгілетінін, жат адамдардың көзінен таса етуді, тіпті «ішіп-жегенде» де орны бөлек болғанын қалайды. Бұл жағынан мұсылмандық талаптарға сай келеді. Қыз жолының жіңішке екенін, егер тыйым көрмесе, «арам ағаш өсіріп, у болар жемісінен» татудан сақтандыру мақсатында айтады. Шындығында еркіндікті ерікті түрде менгерген бүгінгі қыздар арасынан жасан жолға түскендер қаншама. Және ондай қыздардың болашақ отбасында бақытты болып кетуіне де күмән бар. Сондықтан «әйелдің жалғыз жетістігі бар: ол — дақ түспеген ары», — дейді. Ал, жар таңдауда «тектіден» қыз алам дегеннен гөрі, «тегі таза» қыз алған дұрыс деген ой айтады. Бұл — ата-бабасының аты шыққан тәрбиелі жандар болғанынан гөрі, некелі туылған, отбасында тәрбие көрген, әке-шешесі дұрыс адамдар болғанына көбірек мән беру [4;11].

Жүсіп Баласағұни сияқты Махмұд Қашқаридан қалған көрнекті ғылыми еңбек «Диуани лұғат ат-түрк Түркі сөздерінің жинағы» — педагогикалық маңызы ерекше туынды. XI ғасырда өмір сүрген, Ыстықкөлге жақын маңдағы Барысхан ауылында дүниеге келіп, Қашқар қаласында оқып, қызмет еткен Махмұд Қашқари «Сөздігінде» әдеп, тәлім-тәрбие, мәдениет мәселесі Қорқыт, әл Фараби, Баласағұни идеяларымен астарласып жатады. Отбасылық тәрбие және оның талаптары төмендегіше қарастырылады: *Атасынан ақыл алса, тентек ұл да жөнделер*. Қонақ күту, үйге келген кісіні мейман етіп сыйлау, ғаріп-қасерлерді де тойындырып, қажетін өтеу — ер азаматқа сын екендігі отбасының иесі — ерлерге «Ұлым!» дей отырып, ғибратталады: *Қонақ келсе, ер жігіт құт келді деп ұғады, Қонақ келсе, жауыздар тігулі үйін жығады...Дәмді тағам болады өзгеге сый-құрмет қылсаң қонақты, асады даңқың халқыңа...*. Туысқан-туған хақында: *Дүние-мүлкі үшін құдайына қарамаған, туысқанын тұл етер... Туғаныңның мәртебесін өсіргің келсе, сый-сияпат көрсет...*. Бұл ойларды Қашқаридың жұбайлық өмірге даярлық мәселесіне қосқан әлеуметтік-педагогикалық үлесі деуіміз қажет [4; 124].

«Хибатул хақайк» «Ақиқат сыйы» атты өзіндік демократиялық бағыты бар дидактикалық дастан жазған Ахмет Игүнеки (XII ғ.) алдыңғы даналардың ойларына сай адами асыл қасиеттер мен білім-тәлімнің адамзат үшін игілік екенін айта білген ақын. Дидактикалық сипаттағы 504 өлең жолынан тұратын дастанда жамандықтан қашу мен жақсылыққа тәрбиелеуге қалай жетуге болатынын бейнелі салыстырулар мен теңеулерге, нақылдар мен мақал-мәтелдерге негізделген ұлағатты оймен ұсынады. Әр тұжырымы таратып мақала етуге болатындай Ахмет Игүнеки: *Білімді әйел — ер, надан еркек — әйел* — дегенде өмірде, отбасы жағдайында өз орнын, өз рөлін білмеген еркектің әйелдің тірлігіне араласуын, өз мәртебесін түсіріп алуын айтады. Ал білім алған, жақсы мен жаманды айыра білетін әйел, отбасында және ортада басшылық жасай алатындығын мойындайды. Игүнеки ердің рөлінің төмендемеуін, білім мен ақыл иесі болып қалайды: *Ердің көркі — ақыл, сүйектің көркі — май*, — деп бейнелі салыстыру жасайды. Отбасының берекесі сыйластықта екенін, сыйластық — әдеп екендігін, *үлкен-кішіге сытайы сөйле*, — деп білдіреді [7].

XIII–XV ғасырларда монғол шапқыншылығына ұшыраған Қазақстан мен Орта Азия мәдениеті мен экономикасы мейлінше құлдырап кеткен еді. Тарихтан белгілі бұл шапқыншылықта бейбіт ел — қазақ жері қанша қарсылық көрсеткеніне қарамастан, монғол әскерінен түгелге жуық жойылып, қалалар қирап, әбден күйзеліске түсті. Басқаны айтпағанда, мәдениеттің ошағы болған, бай кітапханасы бар Отырар қаласы, түгі қалмай жермен-жексен болды. Шыңғыс хан балаларының үлесіне тиген қазақ даласы қарудың күшімен, өзгенің жерін зорлықпен қаратып алу арқылы құрылған Алтын Орда мемлекеті қайта жандана бастады. Біртіндеп Алтын Орда көрші елдермен: Батыс Еуропамен, Мысырмен, Үндістанмен, Кіші Азиямен, Қытаймен экономикалық және мәдени байланыс қарым-қатынас жасайтын болды. Соның нәтижесінде Алтын Ордада сәулетті қалалар салынып, түрлі өнер мен әдебиет, ғылым біршама қайта өркендеді.

«Қабуснама» 1082–1083 ж. жазылған туынды. Бұл кезеңдерде Орта Азия мен Иран өлкесінің мейлінше мәдениеті дамып, кемелдене түскен болатын. Мұны Баласағұни ойларымен салыстыра отырып та аңғаруға болады. Алтын Орданың басқа елдермен байланыс жасай бастаған тұсында, қазақ жеріне Каспий теңізінің оңтүстік жағалауын мекендеген Гилан ру-тайпасында (1021–1022 ж.) туылған Кайкаустың «Қабуснамасы» жеткен. Бұл аса бағалы педагогикалық туынды. Кайкаустың 63 жасында өз ұлы Гиланшахқа арнап жазған үгіт-насихат кітабы. Біздің бабаларымыздың бұл кітапты оқығанына «Бұрынғы өткендер араб, парсы, шағатай, татар тілінде сусындаса, бүгінгі ұрпақ ана тілінде оқуға тұңғыш рет мүмкіндік алып отыр», — деген сөздер куә.

«Қабуснамада» 44 тараудан, яғни, 44 тақырыптан, тұратын көлемде тағылымдық насихат айтылады. Жиырма алтыншы тарауда «Үйлену туралы» тәлімдік ойлар бар. Қайқаус өз перзентіне қандай әйел алу қажеттігін айтқанда төмендегі өлшемдерді ұсынады:

- тәрбиелі;
- табиғаты таза;
- жан-дүниесі пәк;
- өзіне дос;
- уақытты бағалайтын;
- дүние-малды жақсы сақтайтын;
- көргенді;
- көрікті;
- үй-ішін тәртіптеп ұстай білетін;
- көршілерге азарсыз;
- балиғатқа жасы жеткен;
- басқа ру, басқа тайпа, жат елден ал.

Қандай әйелге үйленбеген жақсы:

- жұрттан асқан сұлу болмасын;
- дәрежесі өзінен жоғары болмасын;
- бай болмасын;
- бойжетпеген өте жас қыз алмау керек;
- бала таппайтын тұл әйел болмасын.

Сондай-ақ *әйелдің жақсы құрметтеу, перзентіңді тәртіпті тәрбиелеп өсіру — сенің қолыңдағы іс немесе білімді әйелдің іс-әрекетіне тыйым салушы болма. Егер қызғанишақтық жасамасаң, кемсінбесең, жарың саған ата-анаңнан да мейірімді болады. Саған одан дос кісі болмайды* деген пікір айтады. Әйелді қызғанудың да жөні бар, қызғанбаған жасықтарды ер жігіт деуге бола ма деген сынды ойлар айта келіп, тапқан табысыңның бәрін әйелдің алақанына салып, оның қолына қарап отырар болсаң, өз тапқаныңды өзің жұмсай алмасаң — қайратсыздық, шарасыздық.

«Перзентті тәрбиелеу туралы» тарауда перзент көрсең:

- жақсы ат қою;
- мейірімді тәрбиешіге тапсыру;
- есейген соң, өнеркәсіпке үйрету;

Ер бала болса:

- *өзің қай өнерді білсең, бірінші балаңа үйрет;*
- *дене шынықтыру;*
- *суда жүзу;*
- *атқа міну;*
- *ат үстінде найзаласу, бұғалық тастау;*
- *доп ойнау;*
- *ұстаз қолымен жазала;*
- *өнер-әдеп, білім үйрет.*

Қызың болса:

- *таза тәбет тәрбиешілерге тапсыр;*
- *үлкейген соң мұғалімге тапсыр;*
- *оган мейірім-шапағат жаса;*
- *қолыңа не түссе, алдымен қызыңа бер;*
- *жағдайын түзет;*
- *тезірек теңіне қос;*
- *ерге шықпаған болса, бойдаққа бер;*
- *кәнизаққа ұқсатып сатпа;*
- *қызыңның қадір-құрметін көтере бер.*

Күйеу балаң:

- сүйкімді болсын, қызыңды көріксіз адамға берме;
- жүзі де, сөзі де таза болсын;
- намысты, қожалықты билейтін кісі болсын;
- дәрежесі, қызмет бабы сенен төмен болсын;
- ол сенен пайдалансын;
- сен күйеу балаңнан пайдаланба;
- күйеу балаңнан көп нәрсе талап етпе;
- қызыңның да қайғы-қасіретінен құтыласың дейді.

Жоғары лауазымдағы адамдар перзентіне: әдеп пен тәрбие мирас етсін.

Қарапайым қатардағы халық перзентіне: өнеркәсіп үйретсін.

Кайкаус ер адамға қажетті ойларды оның ішінде отбасылық тәрбиеге ықпалды мәселелерді, ер мен әйелдің қарым-қатынасы жөнінде «Ата-ананы құрметтеу туралы», «Мал, дүние жинау туралы», «Үй, жер сатып алу туралы», «Қарттық және жігіттік туралы», «Махаббат және оның дәстүрлері туралы», «Жыныс қатынасы. Оның пайда, зияны туралы», «Дос таңдау туралы» т.б. айта отырып, ер азаматтың қоғамдық-әлеуметтік рөлінің төмендемеуіне ақыл-кеңес береді. «Қабуснама» педагогикалық ойларының көрнекілігі тұрғысынан шығыс мәдениетінің қазақ мәдениетіне ықпалды үлгісі деп атауға болады [8].

Тарихи қазақ жерін Жошыхан билеген тұста Ақ Орданың төңірегінде дүниеге келген Реванди Хорезмидің (XIII ғ.) Сырдария жағасындағы Сығанақта жазған «Мұхаббат-наме» атты шығармасы — кезінде ел басқарған Өзбек ханның баласы, Алтын Орданың билеушісі (бір зерттеулерде Алтын Орда ханы Жәнібектің әкімдерінің бірі деп айтылады) Мұхаммед Қожабекке арналған туынды. Дастан жас жігіттің сүйген қызына жазған сүйіспеншілік хаттарынан тұрады. Бұл дастанның ерекшелігі адами асыл сезім – махаббатты сезіну, сүйіспеншілікті қадір тұту, дүниенің барлық қызығынан артық ақыл-парасатты қастерлеу, жақсы дәстүр мен салтты жаңғырту, адамгершілік пен қанағатты дәріптеу, жастық пен махаббат психологиясы жөнінде көптеген тәлім-тәрбиелік ойлар бар. Дастанға жігіттің қызға жазған 11 хаты негізі болады. «Мұхаббат-наменің» негізгі тілі Алтын Орда қыпшақтарының тілі екенін ұмытуға болмайды. «Мұхаббат-наме» дастаны жігіттің қызға деген сүйіспеншілігі мейлінше зор шабытпен жырланады, осы өмірдің қадір-қасиетін жоғары бағалайды, шығарманың бас кейіпкері сүйгені үшін қандай нәрсеге де бас тігуге даяр екендігін өлең тілімен жеткізеді. *Сенсіз маған жұмақтың қажеті жоқ... Сенсіз жерде өмірдің сәні бола ма?! —* деу арқылы бұл дүниенің қызығын «о дүниенің» барлық рақатынан жоғары қояды.

Жалпы алғанда, «Мұхаббат-наме» әдеби, тарихи тұрғыдан ғана маңызды емес, сұлулықты бағалай білу — эстетикалық санаға, жастарды махаббатқа тәрбиелейтін тамаша тәрбие құралы. Сезім тазалығы — ар тазалығы, сүйгеніне қандай жағдайда да жақсылық тілеу — биік адамгершілік. Дастан осыған тәрбиелейді.

Алтын Орданы Өзбек хан билеп тұрған кезде, оның астанасы Сарай қаласында өмір сүрген Сайф Сараи (XIV ғ.) түркі тіліне парсы ақыны Маслахаддин Саадидің (Н.Келімбетов Сағди Ширазидің деген) «Гүлстан» дастанын «Гүлстан бит-турки» («Түркіше Гүлстан») деп атаған еркін аудармасы. Сайф Сараи арқылы «Түркіше Гүлстан» қазақ жеріне ұлағатты ғақлия ретінде тарады. Шығыс ғұламасының ғибратты ойы қазақ жеріндегі ұрпақ тәрбиесіне айтарлықтай үлес қосты деп айтуға болады. Көптеген тәлімдік ойлардың мақал-мәтелге күйінде біздің сөзіміздің мәйегіне, тәрбие құралына айналғанын байқаймыз.

Қоғамның дамуы барысында тарихи жинақталған тағылымды мұралар ұмытылмақ емес. Ұлттың рухы, ділі, діні, психологиясы тәрбие арқылы қалыптасады. Оған алғашқы тәрбиенің қайнар көзі — отбасы болмақ. Отбасылық өмірге, жұбайлық өмірге тәрбиелеуде өз ұлтымыздың салып кеткен жолы бар. Ұлттық ерекшелігімізді ескере отырып, әлеуметтендірудің барлық құралдарын пайдалануымыз қажет. Ал, тарихи тағылымды шығармалар біздің ұрпақ тәрбиесінің тарихына іргетас болып қаланы анық.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. — Алматы: Ана тілі, 1991. — 34–61-б.
- 2 Көне дәуір күмбірі. Қытай тарихындағы қазаққа қатысты деректер // Жалын. — 2003. — № 7. — 16-б.

- 3 Гумилев Л.Н. Көне түріктер. — Алматы: Білім, 1994. — 53-б.
- 4 Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. — 1-т. — Алматы: Рауан, 1994.
- 5 Қорқыт ата кітабы. — Алматы: Жазушы, 1986. — 192 б.
- 6 Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. — Алматы: Ғылым, 1973. — 32–117-б.
- 7 Ахмет Иүгінеки. Ақиқат сыйы / Қазақшаға ауд. Ә.Құрышжанов. — Алматы: Ғылым, 1975. — 52–63-б.
- 8 Кайкаус. Қабуснама / Өзб. ауд. Т.Айнабеков. — Алматы: Балауса, 1992. — 82-б.

Р.М.Айтжанова

Роль духовного наследия казахского народа VIII–XVIII веков в подготовке студентов к семейной жизни

В статье рассматривается значение мировоззренческих идей древнетюркских мыслителей, таких как Бильге-каган, Культегин, Тоньюкук и их влияние на формирование национальных казахских традиций семейного воспитания, воспитания девочек и мальчиков, на развитие и становление национального духа, религии, характера, отношения к потомству. Дается анализ материальных и духовных ценностей казахского народа в педагогическом аспекте воспитательного процесса.

R.M.Aiytzhanova

The role of Kazakh people's spiritual heritage of VIII–XVIII centuries in the students' preparation for family life

This article reveals the significance of philosophical ideas of ancient Turkic thinkers, such as Bilge-kagan, Kultegin, Tonuikuk and their effect on the formation of the Kazakh national traditions of family education for girls and boys, on the development and establishment of the national spirit, religion, nature, relationships to offspring is indentified in this article. An analysis of the material and spiritual values of the Kazakh people in the pedagogical aspect of the educational process.

References

- 1 Kelimbetov N. *Old English literature*, Almaty: Ana tili, 1991, p. 34–61.
- 2 *Zhalyn*, 2003, 7, p. 16.
- 3 Gumilyov L.N. *Ancient Turks*, Almaty: Bilim, 1994, p. 53.
- 4 *Anthology of Kazakh pedagogical thought*, Almaty: Rauan, 1994, p. 89–92.
- 5 *Book of Korkyt ata*, Almaty: Zhazychu, 1986, 192 p.
- 6 *Al-Farabi. Psychological treatises*, Almaty: Gylym, 1973, 1, p. 32.
- 7 Akhmet Iugineki. *Kazakh translation* A.Kuryshzhanov, Almaty: Gylym, 1975, p. 52–63.
- 8 Kaikaus. *Kabusnama* / Uzb.trans. T.Ainabekov, Almaty: Balausa, 1992, p. 82.